

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұмыс дәптері

5

СЫНЫП

К. М. Бекмұхамбетова, А. Қ. Биисова

ҚАЗАҚ ТІЛІ




Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
5-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Б 39

Шартты белгілер:

-  – Күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма.

Бекмұхамбетова К. М. т.б.
Б 39 Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған жұмыс дәптері / К. М. Бекмұхамбетова, А. Қ. Биисова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 52 бет.

Жұмыс дәптері оқушының сабақта алған білімін одан әрі кеңейту мақсатында ұсынылып отыр. Жұмыс дәптерінде анықтамаларды еске түсіру, кестелерді толтыру, суреттермен жұмыстану – мұқият, тиянақты білімді қажет ететін тапсырмалар берілген.

ISBN 978-601-249-630-7

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-249-630-7

«ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019

Қымбатты дос!

Дәптерде берілген тапсырмаларды орындауда өз ойыңды, пікіріңді толық жеткізіп, өз мүмкіндіктеріңді шығармашылықпен пайдалана білуді ойластыр. Дәптерде көрсетілген сұрақ-тапсырмалардың шартына зейін қойып, оларды зор ықыласпен орындауға дағдылансаң, жетістіктерге жетесің.

Саған ізденіс жолында сәттілік тілейміз!

МЕНІҢ МЕКТЕБІМ



Біліміңмен көктедім

Алтын ұям – мектебім,
Біліміңмен көктедім.
Саған деген жүректе
Ақ алғысым көп менің.
Келдім сені сағына,
Құй нұрыңды жаныма.
Құй нұрыңды жаныма,
Сусындайын тағы да.

(Н. Жанаев)

Дыбыс және әріп. Дауысты дыбыстар

●●● 1-тапсырма. Дауысты дыбыстардың астын сыз.

Кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, киіз үй, түндік, туырлық, үзік, киіз есік.

Дауысты дыбыстар: а, _____




Жіңішке дауыстылар: _____

Жуан дауыстылар: _____

●● 2-тапсырма. Төрт түлік малдардың атын ата. Сөздерді жазып, дауысты дыбыстарды үлгі бойынша қызыл түспен көрсет.

Түйе

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|



● 3-тапсырма. Өлеңді жатқа жаз.

Отан – Ана, _____

Отан – жер. _____

Отан – дана, _____

Отан – ел. _____

●● 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Көп нүктенің орнына дауысты дыбысты қой.

Біз жыл сайын м...ктеп ауласында, спорт алаңында ж...мыс істейміз. Қоқыс шығ...рамыз, арық тазалаймыз. Ағаш отырғызып, г...лдерді суарамыз. Б...зге әртүрлі құралдар керек. Үйімізден күр...к, тырма, қоларба, сыпырғыш ...келеміз. Оқушылар ұжымы жұмысты жақсы істейді. Бұл – балал...рдың еңбектер...нің жемісі.

●●● 5-тапсырма. Жұмбақтарды шеш. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой.

1. Т...мір т...лді,
Сыңғ...р үнді.

| | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|---|
| қ | | | | | | у |
|---|--|--|--|--|--|---|

2. Тазалап ақ қағаз жүзін,
Ж...қ етер қар...ндаш ...зін.

| | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|---|
| ө | | | | | | ш |
|---|--|--|--|--|--|---|

3. Қал десем, қ...лмайды,
Жұмсасам, б...рмайды.

| | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|---|
| к | | | | | | е |
|---|--|--|--|--|--|---|

Жұмбақтардың шешуіне дыбыстық талдау жаса. _____

●● 6-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап.

Әрі шешен, әрі әнші, әрі күйші,
Әр үйде бар, тапқышым, көне, білші?

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|




●● 7-тапсырма. Сөздерді оқы.

Жаз, шөп, орақ, еңбек, өсімдік, алабота, жусан, егін, өзен, жел, қайық, бозторғай, дала, гүл, қызғалдақ, бөйшешек.

Дауысты дыбыстарды бір бөлек жаз: _____


Дауыссыз дыбыстарды бір бөлек жаз: _____

●● 8-тапсырма. Суретті мұқият қара. Дауысты дыбыстарды атап, түрлерін ажырат.



Суреттегі көкөністердің атын жаз.





●● 9-тапсырма. Мақалдарды оқы.

Түлік төлден өседі.

Мал төлімен жарасты,
Жер гүлімен жарасты.

- Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырат. Жуан дауыстылардың астын бір сызықпен, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сыз.

Дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыстарды жаз: _____

●●● 1-тапсырма. Берілген сөздердің дауыссыз дыбыстарын ажыратып жаз.

Күз, саңырауқұлақ, орман, жаңбыр, бау-бақша, бидай, астық, қырман, комбайн, егін, диқан.

Қатаң дауыссыздарды есіңе түсіріп жаз: _____

Ұяң дауыссыздарды есіңе түсіріп жаз: _____

Үнді дауыссыздарды есіңе түсіріп жаз: _____

●●● 2-тапсырма. Мәтінді оқы. Дауыссыз дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратып, теріп жаз.

Мектеп өмірі тамаша. Мектеп табалдырығын аттаған күн сен үшін мереке. Осы күннен бастап білімге деген құштарлығың артады. Мектепте өзіңе жолдас табасың.

Қатаң дауыссыздар: _____

Ұяң дауыссыздар: _____

Үнді дауыссыздар: _____

●● 3-тапсырма. Мақалды есіңде сақта!

Білім – таусылмайтын байлық.

Білімді өлсе, қағазда аты қалар,
Ұста өлсе, істеген заты қалар.

●● 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Көп нүктенің орнына қатаң дауыссыздарды қойып, астын сыз.

Ғалым Шоқан

Шоқанды әже...і жеті жасында ауыл мек...ебіне оқуға береді. Зерек бала саба...қа алғыр болады. Әсіресе тарих, жағрапия пәндерін өте жақсы оқиды.

Шо...ан мекте...те жүрген күннен-ақ қазақ тари...ын көп зерттейді. Халық мақалдарын, аңыз әңгімелерін жақсы біледі. Мек...еп ұстаздары Шоқанды үлкен ғалым болады деп оның келе...егінен үміт күтеді.

Шоқан 22 жасында орыс жағрапия қоғамының мү...есі болып сайланды. Ол Қаш...ария сапары арқылы дүниежүзілік ғылымға үлес қос...ы.



●● 5-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз.

Қоңырау, мектеп, мұғалім, балалар, сабақ, салтанат, гүлдер, оқушы, оқу құралы, кітапхана, білім, сурет, мейрам.

●● 6-тапсырма. Олеңді мәнерлеп оқы, көшіріп жаз. Қатаң дауыссыздардың астын сызып көрсет.

Гүлге толы кең жазық,
Күйге толы жота, құм.
Жыр тербелген жел нәзік –
Қазақстан – Отаным.

● 7-тапсырма. Тез айтып жаттық!

Киген тоны,
Оңды тон,
Өңді тон.

●● 8-тапсырма. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

Бұл...ұл, дом...ыра, би...ай, бе...ік, на...ашы, мы...тық, сая...ат,
бел...еу, құ...ық, ұр...ық.

2. Ұяң дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

●● 9-жаттығу. Олеңді мәнерлеп оқып, ұяң дауыссыз дыбыстарды теріп жаз.

Туған тілім

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!
Туған тілім – балам тілі – өз тілім!
Туған тілім – далам тілі – өз тілім!
Туған тілім – анам тілі – өз тілім!
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде өнім менен сәнім бар,
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

(Д. Әбілов)

●● 10-тапсырма. 1. Мақалдарды оқып, есте сақта. Көшіріп жаз.

Ақыл – шам-шырағың түндегі,
Білімділік – жарық көзі күндегі.

Туған жердің қадірін
Шетте жүрсең білерсің.

Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.

2. Ұяң дыбыстардың астын сыз.

Б – П әріптерінің емлесі

●●● 1-тапсырма. Сөздерді үлгі бойынша өзгерт.

Үлгі: Шөп – шөбі Түп – _____ Кітап – _____
Қолғап – _____ Қап – _____ Доп – _____

Т – Д дыбыстары

●●● 2-тапсырма. Т, д дыбыстары дауыссыз дыбыстың қай түріне жатады? Анықтамасын еске түсіріп жаз.

●●● 3-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап.

Бұл қай әріп?
Майда бар,
Шөйнекте жоқ.
Сайда бар,
Ләйлекте жоқ.

Д

Бұл қай әріп?
Тауда бар,
Бауда жоқ.
Тұзда бар,
Мұзда жоқ.

Т

●●● 4-тапсырма. Жоғалған дыбысты тап. Қатесіз көшіріп жазып, астын сыз.

Мақ...а, ма...а, ...астарқан, ...оп, ы...ыс, Сыр...ария, бо...а, ке...
пен, кі...ап, бақы... , ба...а.

ҚОРШАҒАН ОРТА



Р – Л дыбыстары

●●● 1-тапсырма. *Р, л* дыбыстары дауыссыз дыбыстың қай түріне жатады? Анықтамасын еске түсіріп жаз.

●● 2-тапсырма. Сөздердегі *л* дыбысын *р* дыбысына ауыстырып жаз. Бір сөйлем құрастыр.

Төл – _____

Ала – _____

Қала – _____

Көлік – _____

Қал – _____

Олақ – _____

Бал – _____

Тала – _____

●● 3-тапсырма. Адасқан әріптерді орнына қойып көшір.

і, к, л, ү, т

л, к, ө

а, н, р, ы, т

т, р, о, б, о

к, і, р, ө


р, ө, п, і, к

●●● 4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. *Р, л* дыбыстары бар сөздерді теріп жаз.

Кептер – бейбітшілік құсы

Менің үйімдегі кептердің саны қырыққа жетті. Мен оларға бір күнде бір тостақ жем беремін.

Кептер – бейбітшілік құсы. Кептерлерге арнап әдейі үйшік жасап бердім. Осылайша мен кептер өсіріп жүрмін.



●● 5-тапсырма. Көркем жаз. Жұмбақтың шешуін тап. Үнді дауыссыздардың астын сыз.

Тастан-тасқа секіреді,
Қалқиып қос құлағы.
Ойын болып көкірегі,
Аула оның тұрағы.




Н – Ң дыбысына жаттығу

●●● 1-тапсырма. 1. Тізбек сөздерді жаттап ал.

Нан пісірем десем мен,
Нұрмаш,
Неге
Нанбайсың?
Нанбасаң сұра Нұрадан,
Нағашым
Назар –
Наубайшы.

2. Н, ң дыбыстарын тауып, астын сыз.

●● 2-тапсырма. Берілген суреттерден сөйлем құрастыр.



И дыбысы

●●● Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Бұл қай әріп?

Биікте бар,

Ойда жоқ.

Киікте бар,

Қойда жоқ.

И

●● 1-тапсырма. И дыбысы бар сөздерге сөйлем ойластырып жаз.

Ине _____

Инелік _____

Кимешек _____

Киік _____

●● 2-тапсырма. Өлеңді оқып, и дыбысының астын сыз. И әрпі бар сөздерді теріп жаз.

Исатайдай батыр болам,

Иса атамдай ақын болам.

Игі істе батыл болам,

Игілікке жақын болам.

●● 3-тапсырма. Тез айтып жаттық!

Инелік илеуде иленбейді.

Итбалық итмұрынды иіскемейді.

Буын және оның түрлері

●●● 1-тапсырма. Буынның анықтамасын еске түсір:

Буын неше түрге бөлінеді? _____

1. *Ашық буын* дегеніміз – _____

2. *Тұйық буын* дегеніміз – _____

3. *Бітеу буын* дегеніміз – _____

●● 2-тапсырма. Сөздерді буынға бөліп жаз. Алдымен бір буынды сөздерді, онан соң екі буынды сөздерді, ең соңында көп буынды сөздерді көшіріп жаз.

Орман, тоғай, бала, ана, торғай, қарлығаш, аң, өзен, тау, арыстан, ерт, қасқыр, жер, дала, аспан, ою, тас, жұлдыз, ай, саяхат, серуен, өмір, егін, өзен.

Ашық буын

●●● • Анықтаманы толықтыр:

Ашық буын дегеніміз – _____


Мысалы: _____

●● 1-тапсырма. Сөздерді буынға бөліп жаз.

Отын, өмір, егеу, ожау, ата, әке, аға, ана, кеме, жеті, асау, терезе, бетеге.

●● 2-тапсырма. Суретке қарап сөздердің атауын жаз. Сөздермен сөйлем құрастырып, оларды буынға бөл.





Тұйық буын

● ● ● • Анықтаманы толықтыр:

Тұйық буын дегеніміз – _____

Мысалы:

● ● 1-тапсырма. Тұйық буынды сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Аң, от, ән, ұн, ай, ат, ұлт.

● ● 2-тапсырма. Құстардың атын жаз. Оларды қатыстырып сөйлем ойлап жаз.





Бітеу буын

●●● • Анықтаманы толықтыр:

Бітеу буын дегеніміз – _____

Мысалы: _____

●● 1-тапсырма. Сөздерден бітеу буындарды тауып, астын сыз. Оларды қатыстырып сөйлем ойлап жаз.

Жол, жастық, астық, керуен, ынтымақ, тас, лашын, жаз, жаңбыр, көл, дәптер, көпшік, мұхит.

●● 2-тапсырма. Өлеңді жатқа жаз. Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жаз.

Түсті алтын жапырақ
Ағаштан үзіліп.
Ұшты ұзақ сапарға
Тырналар тізіліп.

● 3-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап. Шешуін буынға бөліп жаз.

Домалаңдаған үрпек сары,
Жақсы көреді жұрттың бөрі.



МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

Сөз

●●● Сөз дегеніміз – _____

●● 1-тапсырма. Мағынасына қарай сөздерді топтап жаз.

Ағаш, адам, жаңбыр, көл, еңбек, қызыл, он бес, кесу, сандық, найзағай, төрт, кел, сары, ору, күшті, парта, үй, жел, әдемі, он.

○ Табиғат құбылысы атаулары: _____

○ Заттың сынын білдіретін ұғымдар: _____

○ Заттың санын білдіретін ұғымдар: _____

○ Іс-әрекет ұғымдары: _____

●● 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Көшіріп ал. Өр сөйлемде неше сөз бар екендігін айтып шық.



Қазақстан

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстанымыздың өз туы, елтаңбасы, әнұраны бар. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстанымыздың жаңа елордасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Астанамызда көптеген ұлт өкілдері тұрады. Астанамыз күннен-күнге өсу үстінде. Қазақстан – үлкен мемлекет.

●● 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал.

Төрі толған түлікке,
Ұлан-байтақ жерің бар.
Көгорайлы белің бар,
Айдын шалқар көлің бар.
Сағасы мол көп өзен,
Өлке толған егін бар.
Тау мен далаң сақтаған
Қойны толған кенің бар.
Алтын, күміс, қорғасын,
Мұнай мен мыс, көмір бар.
Осы дәулет тұрғанда
Неменеден кемің бар?

(Жамбыл)

●● 4-тапсырма. Берілген дыбыстарға тиісті дыбыстар қосып сөз жаса.

а/ с, т, қ – *цлгі*: ас, тамақ, қасық.

ө/ қ, л, б _____

б/ р, о, м _____

в/ к, ш, х _____

●● 5-тапсырма. «Ойлан, тап» ойыны. Сөздерді толықтырып жаз.

Баскиім: Қ _____ н.

Өсімдік: Ш _____ р _____ қ.

Құс: С _____ н.

Ағаш: Қ _____ й.

Көпмағыналы сөздер

●●● 1-тапсырма. Көпмағыналы сөздің анықтамасын еске түсіріп жаз.

●● 2-тапсырма. Көпмағыналы сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Көз – адамның көзі _____

Көз – иненің көзі _____

Көз – бұлақтың көзі _____

Көз – білімнің көзі _____

● 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы, қатесіз көшіріп жаз.

Дала

Шексіз аспан сияқты
Далам қандай кең еді!
Тамашалап жырақты,
Шарлай бергім келеді.

Асыр салып төсіне
Ойнағым кеп тұрады.
Қарай беріп өзіне
Ойлағым кеп тұрады.

(Н. Әлімқұлов)

Синоним сөздер

●●● *Синоним* дегеніміз – _____

●● **1-тапсырма.** Берілген синонимдік қатарды жалғастыр:

- а) жағымды, _____
ә) алыс, _____
б) әдемі, _____
в) батыр, _____

●● **2-тапсырма.** Өлең жолдарындағы асты сызылған сөздердің синонимдерін тауып, мәтінге өзгерту енгіз.

Нан қадірін білемін,
Әнге толы жүремін.
Өссем, диқан кетпенін
Иығыма ілемін.

Синонимдер: қастерлеу, сыйлау, жырға, өлеңге.

Антоним сөздер

●●● **1-тапсырма.** Антоним сөздердің анықтамасын еске түсіріп жаз:

●● **2-тапсырма.** Берілген сөздердің антонимін тап.

| | |
|----------------|---------------|
| Дос – _____ | Ер – _____ |
| Алыс – _____ | Кәрі – _____ |
| Үлкен – _____ | Ақ – _____ |
| Жоғары – _____ | Жеңіл – _____ |
| Биік – _____ | Жаға – _____ |

Омоним сөздер

●●● • Анықтаманы толықтыр:

Омоним сөздер дегеніміз – _____

Мысалы: _____

●● 1-тапсырма. 1. Көп нүктенің орнына «жаз» омонимін қой.

1. Жапырақ кетті, ... кетті.
Күз болған соң кетті күй.

2. Үй тапсырмасын бар зейініңмен орында, жаттығуды дәптерге қатесіз

●● 2-тапсырма. «Ат» деген сөздің әртүрлі мағынасы бойынша сөйлем құрастыр.

1. Ат – жануар мағынасында. _____

2. Ат – кісінің есімі мағынасында. _____

●● 3-тапсырма. «Омоним» ойыны. Омоним сөздерді теріп жаз.

Түсініксіз маған
Аяғымда – табан.
Әкелді балық ағам,
Балықтың аты – табан.

Заттың түсі қара,
Айналаға қара.
Көрінген сонау алыстан,
Нешеу екен қара?

Қол созып ем кітапқа,
Досым айтты: «Алма!»
Барып едім баққа,
Көрдім піскен алма.

МЕН ӨСКЕНДЕ КІМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ?

Сөз құрамы

●●● Сөз құрамы дегеніміз – _____

●● 1-тапсырма. Сөздерді оқы. Сөздердің негізгі түбірін шартты белгімен сыз.

Су, сулық сусын, суат, сулы, орын, орындық, орында, орнат, бала-лы, балақай, балақан, баладай.

Сөздің мағына беретін ең түпкі бөлшегін жаз. _____

●● 2-тапсырма. 1. Суретке қарап мамандықты білдіретін сөздердің атын жаз.



2. Сөздердің түбірін шартты белгімен сыз.

Жұрнақ және оның түрлері

● ● ● • Анықтаманы толықтыр:

Жұрнақ – түбірге жалғанатын _____
Жұрнақ арқылы сөздің _____

● ● 1-тапсырма. *-шы, -ші* жұрнақтары арқылы жаңа сөздер құрастырып жаз.

| Не? | Кім? |
|-------|-------|
| мал | _____ |
| сурет | _____ |
| етік | _____ |
| жылқы | _____ |
| орақ | _____ |

● ● 2-тапсырма. Мына сөздерге *-ша, -ше* жұрнағын тіркеп жаз.

| | |
|----------------|---------------|
| Сандық – _____ | Кілем – _____ |
| Таяқ – _____ | Көрпе – _____ |
| Жұлдыз – _____ | Күрке – _____ |

● ● 3-тапсырма. Қандай жұрнақтарды білесің? Оларды жазып көрсет.

-шы, -ші _____

● ● 4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, түбір мен жұрнақты ажыратып жаз.

| | |
|-------------------------|-------------------------|
| Тау мен тасты қопарар – | Бармағынан бал тамған – |
| Кенші болғым келеді. | Аспаз болғым келеді. |
| Достық сәлем апарар – | Алар озып бәйгені – |
| Елші болғым келеді. | Малшы болғым келеді. |

(М. Құрманалин)

Жалғау және оның түрлері

Жалғаудың анықтамасын еске түсіріп жаз:

●● 1-тапсырма. Сөздердің жалғауын тіркеп жаз.

Құс + тар, қалам + дар, көжек + тер, шөп + тер, гүл + дер.
Сынып + ты, әже + м, көктем + ді, күн + нің, бала + ға.

●● 2-тапсырма. Үлгі арқылы сөз тіркестерін құрастырып жаз.

Күн, мұғалім – Мұғалімдер күні.

1. Үй, тапсырма _____
2. Бала, өлем _____
3. Ел, сүй _____
4. Бала, тіл _____
5. Оқушы, концерт _____

●● 3-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастыр.

1. Мектеп, жаны, ақ қайың, отырғыз.

2. Жаз, бала, ағаштар, күт.

●● 4-тапсырма. Сөз тіркестерін оқы. Мағынасына қарап дұрыс жалғауды қой. Артық жалғауды сызып таста.

| | | | |
|-------------|--------------|---------------|--------------|
| ға | тің | пен | і |
| Тау — бару. | Шөп — арасы. | Күрек — қазу. | Дала гүл — . |
| ге | тың | пан | ы |

●● 5-тапсырма. Мына түбірге – *Бейбіт* – жұрнақ пен жалғауды қос: *-шілік, -ке*.

Құрастырылған сөздерді жаз: _____

Бұл сөздерді сөз құрамына талда: _____

●● 6-тапсырма. «Сөзді жинақта».

Біл-ім-ді
Жазу-шы-ға
Өнер-лі-ні
Майдан-гер-ге
Қон-ыс-тан

Жинақталған сөздерді жаз. _____

●●● 7-тапсырма. Сөздің қай бөлшегі жазылып тұрғанын ойланып тап: түбір, жұрнақ, жалғау. Шартты белгімен көрсет.

-тық, -үй, -лар, -ға, -шы, -қы, -нан, -көл, -дос, -қан, -й, -да, -тар, -м.

●● 8-тапсырма. Мына қосымшаларды тіркеп, сөз ойла.

-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер _____

-ның, -нің, -ға, ге, -ды, -ді, -нан, -нен _____

-тық, -тік, -шы, -ші, -лық, -лік, -іс, -шік _____

●●● 9-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой.

Үш дөңгелек, бір орынд...қ құлақты,
Балд...рғандар көп мінеді бұл атты.



ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сөз таптары. Зат есім


●●● 1-тапсырма. Кестенің жоғарғы жағына сөз таптарының атын жаз.

| | | | |
|----------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|---|
| Заттың атын білдіретін сөз табы. | Заттың сынын білдіретін сөз табы. | Заттың санын білдіретін сөз табы. | Заттың іс-әрекетін білдіретін сөз табы. |
| Сұрақтары: Кім? Не? | Сұрақтары: Қандай? Қай? | Сұрақтары: Қанша? Неше? | Сұрақтары: Не істеді? Қайтті? |
| <i>Әже. Қоян.</i> | <i>Сүйікті. Ақ.</i> | <i>Бес.</i> | <i>Тоқыды. Жүгірді.</i> |

●●● 2-тапсырма. Суретті қара. Не бейнеленгенін айт. Әжей не істеп жатыр? Текемет қандай? Текеметтің түсі қандай? Ұлттық құндылықтарға нелер жатады? Сөйлемдерді жазып шық.



●● 3-тапсырма. Сызбаны толықтыр.



●● 4-тапсырма. «Төртінші сөз артық» ойыны.

Әр жолдағы зат есімдерді қалдырып, артығын сызып таста.

1. Күн, Ай, жұлдыз, жарық _____
2. Терезе, есік, бөлме, кең _____
3. Кітап, дәптер, жыртылды, қалам _____
4. Әке, ата, әже, бесеу _____

●● 5-тапсырма. Кестені толтыр. Зат есімдерді мағыналарына қарай топта.

| | | | |
|-----------|------------|--------|---------|
| Жануарлар | Өсімдіктер | Құстар | Адамдар |
| Қасқыр | Қызғалдақ | Аққу | Нағашы |
| | | | |
| | | | |

| | | | |
|----------|---------|----------|---------|
| Жиһаздар | Ыдыстар | Көліктер | Киімдер |
| Үстел | Қасық | Мәшине | Көйлек |
| | | | |
| | | | |

●● 6-тапсырма. Жалқы есімдерді толықтыр.

1. Кісі аттары: Әлия, _____
2. Жер-су аттары: Жайық, _____
3. Қала аттары: Орал, _____
4. Мал аттары: Тайбурыл, _____

●●● 7-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал. Заттың атын білдіретін сөздерді теріп жазып, сұрақтарын қойып шық.

Домбыра, жүрегіммен үндес едің,
Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұра сен болмасаң,
Өнердің не екенін де білмес едім.

(М. Мақатаев)



Біздің заманымызға қазақ халқының өн-күйлері, жыр-дастандары осы домбыра арқылы жеткен. Домбыраны әрбір қазақ қастерлеп, үйінің төріне іліп қояды.

Зат есімнің көптелуі

●● 1-тапсырма. Берілген сөздерге көптік жалғауын тіркеп жаз.

Ағаш, домбыра, кітап, асық, кимешек, киіз, текемет, кебеже, сыр-мақ, қобыз, кереге, сырнай, кілем, тайқазан.

●●● 2-тапсырма. Кітап туралы мәтінді оқы. Жекеше түрде тұрған сөйлемдерді көпше түрге айналдырып жаз.

Сөреде кітап тұр. Кітаптың мұқабасы қатты. Балаларға арналған кітапта суреттер көп. Балаларға суретті кітап ұнайды.

●●● 3-тапсырма. Ағаштың құрылымын көпше түрде жаз.

Жапырақ, тамыр, діңгек, бұтақ. _____

●●● 4-тапсырма. Сөздерді жекеше түрде жаз.

Аңдар, құстар, жануарлар, өсімдіктер, таулар, өзендер, ормандар, тастар, теңіздер, кемелер, түймелер, шегелер.

●● 5-тапсырма. Өлеңді оқы. Зат есімдерді теріп жаз.

Күнде біздің ауладан
Көрші атамды көремін.
Жүгіріп кеп мен оған
Ылғи сәлем беремін.

Зат есімнің септелуі

●●● 1-тапсырма. Кестені толтыр.

| Септіктер | Сұрақтары | Мысалдар | |
|-----------|-----------|----------|-----|
| Атау | Кім? Не? | Дәрігер | Көл |
| Ілік | | | |
| Барыс | | | |
| Табыс | | | |
| Жатыс | | | |
| Шығыс | | | |
| Көмектес | | | |

●● 2-тапсырма. Зат есімдерге септік жалғауын тіркеп жаз.

1. Қар төбе жапты. 2. Бауырсақ ата және әже кетті.
 3. Әлима апай қызы қала келді. 4. Кеме жүк тиелді.
 5. Әсет балалар ойнап жүр.

Ілік септігі – - , - , - , - , - , - .


Сұрақтары:

●● 3-тапсырма. Зат есімдерге ілік септіктің жалғауын тіркеп жаз.

Өзен, тоған, жер, үй, жар, көктем, жол, аға, бұтақ, бидай.

●●● 4-тапсырма. Суреттегі киіз үйдің сүйектерінің атауын тауып, барыс септігіне айналдырып жаз.

Киіз үйдің сүйектері: кереге, ...



Барыс септігі – - , - , - , - .

Сұрақтары:

●●● 5-тапсырма. Мәтінді оқы. Зат есімнің қай септікте тұрғанын ажыратып, сөздерді теріп жаз.

Қазақ халқы өзінің әндері мен күйлерін, аңыз әңгімелері мен жыр-дастандарын ғасырдан-ғасырға жеткізді. Халықтың қалың ортасынан шыққан жезтаңдай әншілер мен балбармақ күйшілер, ақындар мен домбырашылар өз өнерімен кезінде өлемді таңғалдырған.

Әндер мен күйлердің халық шығармашылығының негізінде қазақ халқының кәсіби өнері ілгері дамыды. Мәдениет пен ғылымның басқа да салалары сияқты ән мен күй де халық үшін қызмет етті.

Табыс септігі – - , - , - , - , - , - .
Сұрақтары:

●● 6-тапсырма. Зат есімдерге табыс септіктің жалғауын тіркеп жаз.

Ақын, өлең, аспан, қала, жаңбыр, жұлдыз, сурет, батыр, қарлығаш.

Жатыс септігі – - , - , - , - .
Сұрақтары:

●●● 7-тапсырма. Жатыс септігінің жалғауын дұрыс тіркеп жаз.

Құс отыр терек... , төбе... , үйшік... .

Ол тұрады ауыл... , қала... , батыс... .

Балалар серуендеді саябақ... , хайуанаттар бағын... , жағалау... .

●● 8-тапсырма. Жалғауын тірке.

Жатыс септігі $\left\{ \begin{array}{l} \text{Дәрігер} \underline{\hspace{10em}} \\ \text{Оқушы} \underline{\hspace{10em}} \\ \text{Әнші} \underline{\hspace{10em}} \end{array} \right.$

Шығыс септігі – - , - , - , - , - , - .
Сұрақтары:

●● 9-тапсырма. Зат есімдерге шығыс септігінің жалғауын тіркеп жаз.

Ұшақ, тақта, мақта, қағаз, шөп, дос, ел, қыз, әке, ауыл, жапырақ, жол, жігіт, аспан.

●● 10-тапсырма. Сөздерді оқы. Дұрыс жалғауды таңда. «Артығын» сызып таста.

1. Терезе /дан, ден/ теңіз көрінеді. 2. Ағам /нан, нен/ хат келді. 3. Мен газет /тан, тен/ мақала оқыдым. 4. Біз тоғай /ден, дан/ келдік. 5. Балықшылар өзен /нан, нен/ қайтты.

Көмектес септігі – - , - , - .

Сұрақтары:

●●● 15-тапсырма. Мақалдарды оқы. Көп нүктенің орнына көмектес септігін қой.

1. Тілің... жүгірме, білім... жүгір. 2. Су... ойнама – батарсың, от... ойнама – жанарсың.

БІЗ СПОРТТЫ ТАҢДАЙМЫЗ

Сын есім

● ● ● • Ережені еске түсіріп, толықтыр.

Заттың _____

_____ *сын есім* деп аталады.

Сұрақтары: _____

Мысалы: _____

● ● ● 1-тапсырма. 1. Өлеңді оқып, сын есімдерді көшіріп жаз.

Біз спортшы баламыз

Жаттығамыз жалықпай,

Бізді еріншек деменіз.

Суда жүзсек балықтай,

Ширығады денеміз.

Әдіспен де, күшпен де,

Күрескенді жығамыз.

Ал жарысқа түскенде,

Жұлдені алып шығамыз.


(Н. Бәдіғұлов)


2. Қандай? сұрағына жауап беретін сөздер заттың несін білдіреді? Сұрақтарын қойып жаз.


● ● ● 2-тапсырма. Кестені толықтырып жаз.

| Заттың аты | Түсі | Дәмі |
|------------|---------|-------|
| Не? | Қандай? | |
| Қант | ақ | Тәтті |
| Бал | | |
| Алма | | |
| Тұз | | |
| Жуа | | |
| Өрік | | |
| Балмұздақ | | |

●● 3-тапсырма. Бір сын есімге қатысты бірнеше зат есім тауып жаз.

Қызық 

Тәтті 

Таза 

●● 4-тапсырма. Қандай? деген сұрақтың орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Қандай? – _____ тау

Қандай? – _____ үй

Қандай? – _____ көмір

Қандай? – _____ мақта

Қандай? – _____ күн

Керекті сөздер: қара, үлкен, қарлы, ашық, үлпілдек.

●● 5-тапсырма. 1. Өлеңді жатқа жаз.

Алатау

Жамылып ақ шапанын
Қарт Алатау қарайды.
Қалың қаба сақалын
Самал сипап тарайды.

2. Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, олардың астын сыз.

Дара және күрделі сын есімдер

Ережені аяқта.

1. _____
_____ *дара сын есім* дейміз.

Мысалы, _____

2. _____
_____ *күрделі сын есім* дейміз.

Мысалы: _____

●●● **1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын әңгімелеп бер. Сын есімдерді атап шық.

Таза ауа

Денсаулық – зор байлық. Адамға таза ауа керек. Таза ауаның денсаулыққа пайдасы көп. Ол үшін біз таза ауада көп демалуымыз қажет. Айналаны таза ұстап, ағаш, гүл отырғызуды әдетке айналдырған жөн. Өкпеге баратын ауада шаң, тозаң болмауы керек.


Үйдің ауасы таза болу үшін желдеткішті ашып қойыңдар. Күнде салқын сумен жуынып, түрлі денешынықтыру жаттығуларын орындауды ұмытпа!

●● **2-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, сын есімдердің астын сыз.

Біз көңілді ұланбыз,
Өн шырқаймыз сайрандап.
Бақытты елде туғанбыз,
Жаз гүліндей жайраңдап.

(Қ. Мүсірепов)

●● **3-тапсырма.** Суреттегі заттарды ата. Өрбір зат есімге мағынасына қарай 2-3 сын есімді тіркеп жаз.



●●● 4-тапсырма. Сын есімдердің астын сыз. Өздігіңнен сын есімдерге сұрақ қой.

Мысығым кіп-кішкентай, жұмсақ жүнді.

Қыс салқын және қарлы.

Шөп жасыл, жұмсақтау.

●●● 5-тапсырма. Ойлан. Мына сөздерге қандай сын есімдерді тіркейсің?



Құлпынай _____



Кірпі _____

●●● 6-тапсырма. Сын есімдерді қою арқылы қоянның сипаттамасын жаз.

Бұл кішкене аң орманды мекен етеді. Оның құлағы _____,
құйрығы _____ . Алдыңғы аяқтары _____,
артқы аяқтары _____.

Қоянның терісі қыста _____, жазда _____
түске өзгеріп отырады. Ол сәбізді, орамжапы-
рақты жақсы көреді. Ол _____,
шөптің арасын мекендейді. Ол өте _____,
_____ аң.

Керекті сын есімдер: сақ, қорқақ, қалың. Қарлы, сұр, ақ, қысқалау, ұзын, салпақ, қысқа.

●●● 7-тапсырма. Төмендегі сын есімдердің тұсына қарсы мағыналы сын есімдер ойлап жаз.

Жақсы – жаман

Үлкен – ...


Жаңа – ...

Биік – ...

Қалың – ...

Ұзын – ...

●●● 8-тапсырма. Бір зат есімге бірнеше сын есімді тауып жаз. Аталған сын есімдер заттың қандай сынын білдіретінін айт.



●●● 9-тапсырма. Заттың түсін білдіретін сөздерді қосып жаз. Заттың түсін білдіретін сөздерге сұрақ қой.

... алма, ... лимон, ... қалам, ... галстук, ... гүл, ... көйлек, ... костюм, ... қарындаш.

●● 10-тапсырма. Төмендегі сөздердің қатарын толтыр.

1. Заттың мөлшерін білдіретін сөздер: *үлкен*, _____, _____.
2. Заттың түсін білдіретін сөздер: *қызыл*, _____, _____.
3. Заттың сапасын білдіретін сөздер: *жаңа*, _____, _____.

●●● 11-тапсырма. Сөз тіркестерін көшіріп жаз. *Не?* деген сұраққа жауап беретін сөзді бір бөлек, *қандай?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді бір бөлек жаз.

Үлкен бөлме, биік терезе, жұмсақ орындық, ақ көйлек, қызыл жалау, көк қалам.

| Қандай? | Не? |
|---------|-------|
| үлкен | бөлме |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

●● 12-тапсырма. Өлеңді жаттап ал. Сын есімдерді атап шық.

Анадан жақсы ұл туса –
Елінің туы болады.

Анадан жаман ұл туса –
Көшінің соңы болады.
(Қазыбек би)

Сан есім

●●● 1-тапсырма. *Сан есім* дегеніміз – _____

●●● 2-тапсырма. Сан есімнің түрлерін жазып, мысал келтір.

●●● 3-тапсырма. Төмендегі цифрмен жазылған сан есімдерді дұрыс атап, сөзбен жаз.

4, 7, 15, 46, 124, 62, 159, 785, 10, 2011, 631. _____

●● 4-тапсырма. Есептік сан есімдерді жаз.

●● 5-тапсырма. Реттік сан есімдерді жаз.


●● 6-тапсырма. Мақалдарды оқы. Сан есімді тауып, астын сыз.

1. Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім ал.

2. Бір күн бұрын ексең, бір апта бұрын орасың.

●●● 7-тапсырма. Жұмбақтарды оқып, шешулерін тап. Сан есімдердің түрін ажырат.

Елу аяқты, екі қолды.



Үш жүз алпыс және алты құсы бар,
Кезегімен бір-бірлеп оны ұшырар.



●● 8-тапсырма. Сан есімдерге зат есім қосып жаз. Мысалы: *төрт қоян*,

●●● 9-тапсырма. Төмендегі сан есімдерден сөйлем құрастыр.

Тоқсан бес бала, бір хабарландыру, жетінші сынып.

●●● 10-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Көркем жаз. Сан есімдерді тауып, астын сыз.

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.

Есімдік

- Анықтаманы еске түсіріп жазып шық.

Есімдіктер:

- ● ● 1-тапсырма. Сурет бойынша есімдіктерді қатыстырып сөйлем құрастыр.



- ● 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып көшіріп жаз.

... сабаққа ерте келді. Алтын ... оқушы? ... мектепке бардым.
... саяхатқа бардық. ... қалада оқиды.

●●● 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, қарамен жазылған сөздердің орнына есімдіктерді қойып жаз.



Менің сүйікті қалам!

Орал – әдемі қала. **Оралда** сәулетті, тарихи орындар көп. **Оралда** мұнай, газ шығарылады. **Оралдың** жанынан Жайық өзені өтеді. **Орал** – біздің сүйікті қаламыз. **Оралды** көркейтуге бар күш-жігерімізді салайық, жас ұлан!

Керекті есімдіктер: ол, онда, онда, оның, ол, оны.

●● 4-тапсырма. Өлеңді жаттап ал.

Шынықсаң – шымыр боларсың

Бойды сергек, тік ұста,
Емін-еркін тыныста.
Деміңді ішке тез ал да,
Оң қолыңды соз алға!
Қол ұшына қара да,
Үшбұрыш сыз ауада.
Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап тынбасын!
Деміңді ішке тез ал да,
Соз қолыңды, соз алға.

(К. Байзақов)

Етістік және оның түрлері

Анықтаманы еске түсіріп жазып шық.

Етістіктің неше түрі бар? _____

●● 1-тапсырма. Мәтіндегі дара және күрделі етістіктерді теріп жаз.

«Аударыспақ» ойыны

Ойын ережесі бойынша, жарысқа қатысушыларға шек қойылмайды. Аударыспақ – ат үстіндегі күрес. Ортаға шыққан екі ойыншының мақсаты – күресе жүріп бірін-бірі аттан аударып түсіру. Жарыс ережесі бойынша, ұтылған ойыншылар ойыннан шығады. Жарысқа қатысушылардың тізімі жеребе арқылы жасалады.

●●● 2-тапсырма. Дара етістік пен күрделі етістіктерді бөлек жаз.

Айт, жүр, көрді, жазып отыр, айтып жүр, жүріп келеді, тастады, лақтырып тастады, кешікті, кешігіп келді, тапты, таба алмады.

Дара етістік

Күрделі етістік

1. Түр

Айтып түр

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

МЕРЕКЕЛЕР

Сөйлем. Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері неше топқа бөлінеді? _____

Тұрлаулы мүшелер қандай?

1. _____



2. _____

Тұрлаусыз мүшелерді жаз.

1. _____

2. _____

3. _____

   **1-тапсырма.** Сұрақтардың орнына баяндауышын тауып жаз, астын шартты белгімен сыз.

Құстар не істейді? _____

Балалар не істейді? _____

Өрмекші не істейді? _____

Ит не істейді? _____

Балапан не істейді? _____

Аспазшы не істейді? _____

   **2-жаттығу.** Төмендегі баяндауыштардың бастауышын тауып жазып шық. Шартты белгімен сыз.


Ұшады, шықылықтайды _____

Жазады, оқиды _____

Мияулайды, ұстайды _____

Гулейді, соғады _____

Үй салады _____

  **3-тапсырма.** Жақшаның ішіндегі сұрақтардың орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

1. Аманат (кімге?) жолықты. 2. Айгүл (немен?) келді. 3. Самал (нені?) жазды. 4. (Қайда?) қол өнер үйірмесі жұмыс істейді. 5. Кеште балықшылар (қайдан?) қайтты.

Керекті сөздер: Болатқа, хатты, мектепте, өзеннен, автобуспен.

●●● 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Тұрлаулы мүшелерді тауып, астын сыз.

Қазақстанда ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа да мерекелер атап өтіледі. Ұлттық мереке тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне арналады. Олар дәстүрлі түрде атап өтілетін ерекше мейрамдар.

Мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған мейрамдар. Мысалы: *1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 9 мамыр – Жеңіс күні.*

●●● 5-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Тұрлаусыз мүшелерді ажырат.

1. Оқушылар сүйкімді өнерлерімен көзге түсті. 2. Қазір автобуспен атам қалаға жүрді. 3. Балалар театрдан келді. 4. Мәшинелер элеваторға астық тасып жүр. 5. Мұрат қызықты кітап оқыды. 6. Айман өлеңді тез жаттап алды.

●●● 6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Тұрлаулы мүшелерге сұрақ қойып, астын сыз.

Ұмытылмас мәңгілік

Сонау жылы жер-көкті
Соғыс бұлты торлаған.
Сонда Мәншүк әпкеміз
Жаудан елді қорғаған.
Үстінде сұр шинелі,
Дулығасы болаттан.
Мәншүк әпке күн-түні
Жауға оқты боратқан.
Қосамыз біз өлеңге,
Айтамыз біз ән қылып.
Мәншүк әпке ерлігі,
Ұмытылмас мәңгілік!

(Қ. Мүсірепов)

Бірыңғай мүшелер

●● 1-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді сұрақ қою арқылы ойлап жаз.

(Қандай?) гүлдер өсіп тұр. _____

Балалар (қайда?) демалды. _____

(Кімдер?) кітапханаға барды. _____

Балалар (не істеді?) _____

●●● 2-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Бірыңғай мүшелерді тауып, арасына үтір қойып, көшіріп жаз.

1. Самат қағаздан зымыран ұшақ тікұшақ жасады. 2. Жазда гүлдер шөптер ағаштар құлпыра түседі. 3. Аспанды қою қара сұр бұлт басты. 4. Балалар хайуанаттар бағында маймылды арыстанды жыланды тоты құсты тамашалады. 5. Далада төлдер жайылды шапты жүгірді.

Сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бірдей тұлғада айтылған сөздерді _____ дейміз.

Жазуда бірыңғай мүшелердің арасына _____ қойылады.

● 3-тапсырма. Өлеңді оқып, бірыңғай мүшелердің астын сыз.

Мамыр

Шағаласы шаңқылдап,
Қаз, үйрегі қаңқылдап.
Думандатса көл бетін,
Дала жатыр ән тыңдап.
Күн төбеден күледі,
Жер құлпырып түледі.
Ой мен қырды жайнатқан,
Мамыр деп жұрт біледі.

(*Ғ. Өкеев*)

Жалаң және жайылма сөйлемдер

Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді _____ дейміз.

Құс ұшты. Мұғалім кірді.

Тұрлаулы мүшелермен қоса тұрлаусыз мүшелер бар сөйлемді _____ дейміз.

Жыл құстары ұшып келді. Мұғалім сыныпқа ерте келді.

●● 1-тапсырма. Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдырып жаз.

1. Құстар сайрады. _____

2. Күн шықты. _____

3. Атам келді. _____

●● 2-тапсырма. Жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемге айналдыр.

1. Саяхатшылар тауға шықты.

2. Әжем Анарға әдемі көйлек тікті.

3. Балалар кеше театрға барды.

●● 3-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемге айналдырып жаз.

1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Мамыр мерекесіне оқушылар, студенттер жиналған. Алаңда достық мерекесіне арнап әртүрлі ұлт өкілдері өнер көрсетті. Әншілер ән шырқады. Күйшілер күй тартты. Бишілер би биледі. Спортшылар қазақ халқының ұлттық ойындарын көрсетті. Маған 1 Мамыр мерекесі қатты ұнады.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Байланыстырып сөйлеу

●●● 1-тапсырма. Диалогті оқы. Досыңмен телефон арқылы сөйлесетін шағын диалог құрастыр.

Сөйлесу

- Алло, Айгүл, сәлеметсің бе?
- Сәлемет пе, Марат!
- Жазғы демалыста қайда барасың?
- Өзірге жоспарлаған жоқпын.
- Ал сен қайда барасың?
- Мен «Балдәурен» демалыс лагеріне барамын.
- Сенімен бірге біздің сыныптан тағы кімдер барады?
- Менің достарым – Айсәуле мен Зере.
- Жақсы демалып қайтыңдар. Сау бол!
- Сау бол.

●●● 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Жоспар арқылы мазмұндама жаз.

Жайсаң жаз

Күллі адам баласының, жан-жануарлардың асыға күтетін айларының бірі – маусым. Туған жерге саяхат та осы айда басталады. Табиғаттың көз тоймайтын өсемдігіне қанып алсын дегендей, Күн де баяу қозғалады. Кешкі мезгіл сапырылысқан қимылға толады.

Елең-алаңнан оянып, жаз таңын қарсы алып көрдің бе? Көкжиекте бозғылданып әлемнің шығыс жағы балқыған нұрға бөленеді. Таңмен бірге оянған бұлбұл өні көңілді әлдилейді.

Жеміс-жидек, алма, өрік сары, қызыл бояулармен бояла бастайды. Жайқалған астықтың уыз дәні қатая түседі. Бір қиырдан егіс алқабы сары теңіздей көз тартады.

(«Ақ желкен» журналынан.)

Жоспар:

1. Жаздың жайсаң айы – маусым.
 2. Табиғаттың өсем көрінісі.
 3. Құстардың өні.
 4. Бау-бақшаның өсемдігі.
-
-
-
-

●●● 3-жаттығу. Сурет бойынша тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыр.

Ғажайып дүние

Мейрамбек мектептен келді де, қозыларын өріске айдап шықты. Ауыл сыртындағы алаңқайдың көк шөбі жер бетінен ине бойы көтеріліп қалыпты.

Күн жылы. Төмпешіктің түстік бетіне сарғалдақтар қаптап өскен. Мейрамбек қозыларына біраз қарайлады. Сарғалдақтар өскен қырға жүгіре көтерілді.

Төбе үстінен ауылға қарады. Ана тұста өзінің үйі, ал сонау жерден өзімен бірге оқитын Марат пен Айгүлдің үйі де көзге шалынды.

Мейрамбек көкпеңбек шөптер арасында жайқала өскен сарғалдақтар үстіне шалқая жатып, заңғар аспанға көз тастады. Көкте аппақ мақта секілді бұлттар жүзіп барады. Мейрамбек енді байқады. Аспан керемет екен.

(«Балдырған» журналынан.)

Тірек сөздер: қозыларын, өріске айдап, алаңқайдың көк шөбі, түстік бетіне, сарғалдақтар, төбе, көзге шалынды, көкпеңбек шөптер, шалқая жатып, заңғар аспан, аппақ мақта, жүзіп, керемет екен.

●● 4-тапсырма. Өлеңді жаттап ал.


Тыныштық

Ғаламда тыныштық:
Береке, ырыс-құт,
Бәрінен тым ыстық –
Достық пен туыстық!

●● 5-тапсырма. Досыңа хат жаз.

●● 6-тапсырма. Ата-анаңа хат жаз.

●● 7-тапсырма. Үлгіге қарап конверттің сыртын дұрыс толтыр.

| | | | | | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|---|--|---|---|---|---|---|---|
| <p>Кімнен От коғо</p> <p><u>Құспанов Әлиден</u> <u>Орал қаласы</u></p> <p>Қайда Откуда</p> <p><u>Исаев көшесі, 20 үй</u></p> <p>Индекс:</p> <table border="1"><tr><td>0</td><td>0</td><td>9</td><td>0</td><td>7</td><td>3</td></tr></table>  <p>Орал қаласы</p> | 0 | 0 | 9 | 0 | 7 | 3 |  <p>Кімге Кому</p> <p><u>Серіков Нұрболға</u> <u>Алматы қаласы,</u></p> <p>Қайда Куда</p> <p><u>Достық даңғылы,</u> <u>8 үй, 19 пәтер</u></p> <p>Индекс:</p> <table border="1"><tr><td>0</td><td>5</td><td>0</td><td>0</td><td>1</td><td>2</td></tr></table>  | 0 | 5 | 0 | 0 | 1 | 2 |
| 0 | 0 | 9 | 0 | 7 | 3 | | | | | | | | |
| 0 | 5 | 0 | 0 | 1 | 2 | | | | | | | | |

●● 8-тапсырма. Өтініш жазып үйрен.

Оқу басылымы

**Бекмұхамбетова Күлән Мусиновна
Бисова Аслима Кабекешовна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған
жұмыс дәптері

Редакторы **К. Ж. Есенжолова**
Суретшісі **А. Чурина**
Компьютерде беттеген **С. К. Ильясова**

Басуға 24.05.2019 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6,5. Шартты баспа табағы 6,05.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік қағаз